



Автор: Кисина Мира
Пән: XXI ғасыр дағдылары
Сынып: Үйренуді үйрену
Бөлім: Үйренуді үйрену
Тақырып: VS Code және Python негіздері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	"VS Code және Python негіздері" курсы мектеп оқушыларына, студенттерге, информатика мұғалімдеріне және бағдарламалауға қызығушылық танытқан барлық тыңдаушыларға арналған. Бұл сабақта білім алушылар Python бағдарламалау тілі туралы жалпы түсінік алады.
Сабақтың мақсаты:	Python бағдарламалау тілі туралы жалпы мағлұмат беру; тілдің даму тарихымен, негізгі нұсқаларымен және қолдану салаларымен таныстыру; Python тілінің артықшылықтарын түсіндіру.
Тілдік мақсаттар:	Python тілінің негізгі ерекшеліктерін сипаттай алады; Бағдарламалау тілінің қызметі мен құрылымын түсіндіреді; Python тілінің әртүрлі нұсқаларын ажырата алады.
Күтілетін нәтиже:	Python тілінің шығу тарихын, авторын және даму кезеңдерін біледі; Python тілінің қызметін және артықшылықтарын сипаттай алады; Python тілінің нұсқалары мен олардың айырмашылығын түсінеді; Бағдарламалау тілі ретінде Python-ды не үшін таңдау тиімді екенін дәлелдей алады.
Бағалау критерийлері:	Python тілінің даму тарихын нақты сипаттайды; Python бағдарламалау тілінің мүмкіндіктері мен нұсқалары туралы дұрыс ақпарат келтіреді; Python тілін қолдану салаларын мысалдармен түсіндіреді.
Құндылықтарды дарыту:	Жаңашылдыққа ұмтылу, үздіксіз білім алу, еңбекқорлық, жауапкершілік.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Білім алушылар VS Code, Python.org, Google, YouTube сияқты онлайн ресурстарды пайдаланады.
Пәнаралық байланыс:	Информатика, Математика, Ақпараттық технологиялар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (2 мин.)	Ұйымдастыру кезеңі. Сабақ тақырыбымен және мақсатымен таныстыру: «Python бағдарламалау тіліне кіріспе».	
Сабақтың ортасы (30 мин.)	Тақырып 1. Python бағдарламалау тіліне кіріспе. Жоспар: 1. Python тілінің атқаратын қызметі. 2. Python тілінің даму жолдары. 3. Python тілінің мүмкіндіктері. 4. Python тілінің нұсқалары.	https://youtu.be/zfKEUUQhBdo
Сабақтың соңы (5 мин.)	Дәрісті бекітуге арналған сұрақтар. 1. Python тілін кім және қай жылы ойлап тапты? 2. Python тілінің басты қызметі неде? 3. Python тілінің даму кезеңдеріне қысқаша сипаттама бер. 4. Python тілінің 2.x және 3.x нұсқаларының айырмашылығы неде? 5. Python қай салаларда жиі қолданылады? 6. Неліктен Python бағдарламалауды үйрену үшін ең қолайлы тіл деп саналады? 7. Неліктен Python бағдарламалауды үйрену үшін ең қолайлы тіл деп саналады? 8. Python тілінің синтаксисі басқа бағдарламалау тілдерінен несімен ерекшеленеді? 9. 10. Python бағдарламалау тілін ресми түрде қай сайттан жүктеуге болады?	Білім алушылар тақырып бойынша алған білімдерін қолдана отырып жауап береді.
Рефлексия (3 мин.)	Үй тапсырмасы. Қысқаша 3-4 сөйлем жазу: Python тілінің артықшылықтарын сипаттау: Неліктен Python тілін үйрену оңай? Басқа бағдарламалау тілдерінен айырмашылығы неде?	